Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 195-196

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАЛТЫРКӨЛ КӨЛІНДЕ ТАУАРЛЫҚ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ПЕРСПИЕКТИВАЛАРЫ

Тохтарбаева Ж.К.

Тауарлы көл балық шаруашылықтарының экстенсивті формаларын жүргізу кезінде су алабының 1 га ауданынан 500 кг дейін балық өнімдерін алуға толық мүмкіндік бар. Көл су алаптарын қолдану кезінде тоған шаруашылықтарын жүргізудің негізгі әдістерін қолдана отырып, бұл көрсеткішті бірнеше есе арттыруға болады. Осындай балық шаруашылық маңызы жоғары суқоймалардың бірі – Жалтыркөл көлі. Ол Ақмола Облысының Целиноград ауданында, Астана қаласынан 35 км қашықтықта орналасқан. Көлдің ауданы шамамен 80 га қамтиды, ал максималды тереңдігі 2013 жылғы өлшеулер бойынша 5,1 м құрады. Жалтыркөл көлі бағалы тауарлық балық өсірудің жақсы базасы бола алады, бірақ бұл көлді тиімді қолдану оның морфометриясы мен гидрохимиясын анықтау, азықтық базасын және балық популяцияларының жағдайларын бақылау жұмыстарын қосатын жан-жақты зерттеулерді қажет етеді.

Қазіргі заман талабына сай рационалды балық шаруашылығын жүргізудің негізгі мақсаттарына балық популяцияларының биологиялық жағдайын бақылаумен қатар, суқойманың азықтық базасының динамикасын зерттеу жұмыстары кіреді. Өйткені балық шаруашылығын экстенсивті әдіспен жүргізу кезінде, балықтың қоректенуі тек табиғи азықтық қорына негізделеді. Сонымен қатар, суқойманың азықтық базасын зерттеу балық популяцияларының арасындағы және түрішілік азықтық қарым-қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттелген суқойма гидробионттарының сандық және сапалық құрамы бойынша әртүрлі сипатталады. Лимнологиялық жіктелуі бойынша бұл көл эвтрофты болып табылады. Бұл типтегі суқоймалар суының құрамындағы минералдық заттардың мөлшері жоғары, сондықтан флора және фаунаның белсенді дамуымен ерекшеленеді.

Жоғарғы сатыдағы су асты өсімдіктерінен Жалтыркөл көлінде бұйра шылаң, жылтыр шылаң, егеушөп, балдыршөп және т.б. кездеседі. Қалқымалы өсімдіктерден су қарақұмығы және кішкентай балдыршөп кездеседі. Құрлық-су өсімдіктерінен көл қоғасы, қияқ және т.б. кездеседі.

Зоопланктонның түрлік құрамы жоғары – 13 таксонды құрады. Зоопланктон түрлерінен D. Longispina жиірек кездесті, оның саны 38,0 мың дарақ/м^3, биомассасы 7,6 г/м^3 құрады. Бұл дафния туыс ішіндегі ең ірі түрлердің бірі болып табылады.

Төменгі сатыдағы шаянтәрізділердің ішіндегі азықтық құндылығы ең жоғары – дафниялар. Ескекаяқты шаянтәрізділердің тобы көбінесе циклоптар

мен диаптомустардан тұрады. Циклоптардың саны 28 мың дарақ/м^3, биомассасы 24,4 г/м^3, диаптомустардың саны 44 мың дарақ/м^3, биомассасы 6,28 г/м^3. Дернәсілдердің басым көпшілігі – науплиустар. Ескекаяқты шаянтәрізділердің балық шабақтарының қоректенуінде маңызы жоғары, өйткені бұл топтағы организмдердің азықтық құндылығы жоғары, әрі дене өлшемдері тым ірі емес. 2013 жылы зоопланктонның жалпы саны 1802 мың дарақ/м^3, биомассасы 30,82 г/м^3.

Жасалған зерттеулердің нәтижесі Жалтыркөл көлінің бентос қоры бойынша бай екенін көрсетті (саны 1838 дарақ/м^2, биомассасы 8,00 г/м^3). Мұнда негізінен хирономида дернәсілдері (саны 713 дарақ/м^2, биомассасы 1,99 г/м^3) мен олигохеталар (саны 899 дарақ/м^2, биомассасы 0,17 г/м^3) саны мен биомассасының негізін құрайды. Хирономидалардың дернәсілдері және олигохеталар – бентос қоректі балықтардың негізгі азығы болып табылады.

Ихтиофаунаның түрлілік құрылымы 6 түрден және 2 туыстан (тұқы, алабұға) тұрады. Балықтардың барлық түрі кәсіпшілік болып саналады, осы балықтардың 5 түрі аборигендерге жатады және бір түрі қолдан жерсіндірілген.

Көлге биологиялық негіздеме беру мақсатындағы зерттеулер ары қарай жалғастырылады. Алдын-ала жасалған зерттеулердің нәтижелері Жалтыркөл көлінің үлкен потенциалын көрсетеді. Судың гидрохимиялық және гидробиологиялық режимдерінің тұрақтылығы қосымша балық шабақтарын жіберуге мүмкіндік береді. Көлдік-тауарлық балық шаруашылығын ұйымдастыру кезінде балықты өсірудің технологиясын интенсивтендіру болашақта осы көлден көп мөлшерде балық өнімдерін алуға мүмкіндік береді.